



БАТЫС ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ЖАҢА ТАРИХЫ

2-ТОМ ОРТА ҒАСЫР ФИЛОСОФИЯСЫ

Аурелий Аугустин





Мақсат – «Орта ғасыр философиясы» еңбегінің бірінші тарауында берілген Аурелий Аугустин философиясы мен теологиясын талдау.

Жоспар

«Орта ғасыр философиясының» бірінші тарауына кіріспе.
Аугустиннің тарихтағы орны.
Аугустиннің екі қаласы жөнінде.

Түйін сөздер

Тәубе, Үштік, Құдай қаласы, жер қаласы.

«Философия және Сенім: Аугустиннен Маймонидке дейін» атты бірінші тараудың кіріспесінде Кенни Аугустиннің өмірі идеялардың тарихындағы жаңа дәуірдің басталғанын әйгілейді деп жазады. Ол жастайынан түрлі дәстүрлердің философиялық идеяларымен сусындады. Әсіресе Платонның Жаңа Академиясының скепттік нұсқасымен, неоплатонизмнің метафизикалық нұсқасымен, жалпы, Платон дәстүрімен етене танысты. Ол христиан дінін қабылдағаннан кейін, еврей, грек және христиан діндерінің идеяларын біріктіріп, алдағы мыңжылдықта батыстың философиялық ойларын дамытуға негіз болған бірнеше ауқымды трактат жазды.

Философиялық көзқарас тұрғысынан, Аугустин өмірінің ең жемісті кезеңі оның 387 жылы Пасха да шоқынғанға дейінгі және одан кейінгі уақыт аралығы болды. Бұл кезеңде скептицизмде шындықты жалғаннан ажыратуға арналған пікірталастың сөзбе-сөз көшірмесіне ұқсас «Академиктерге қарсылық» тәрізді бірқатар еңбек жазды. Сонымен қатар, Аугустин көркемөнердің жаңа үлгісін ойлап тауып, оған «Монологтер» деген атау берді. Ол өз-өзімен диалог құрды. Кейіпкерлеріне Аугустин және Ақыл-ой деген ат берді. Ақыл-ой Аугустиннен оның қалауын сұрағанда, Аугустин: «Құдайды және жанды танығым келеді», – деді. «Басқа не білгің келеді?» дегенде, «Басқа еш нәрсе білгім келмейді», – деп жауап берді.

Ақыл-ой Аугустиннің санасына Құдайды аспандағы Күн сияқты жарқыратып, анық көрсетуге уәде береді. Ол үшін көкіреккөзі дүниедегі барлық жалған пендешіліктен айығуы керек. Аугустин бұл диалогте байлық, мансап және нәпсіден бас тартады. Ақыл-ой Аугустинге Құдайды көрсетемін деген уәдесінде тұрмайды. Бірақ, оның жанының мәңгі бақилық екенін көрсетуге дәлелдер ұсынады. Енді ақиқат ұғымын қарастырайық. Ақиқат заттар жоғалып кетуі мүмкін, алайда ақиқаттың өзі мәңгілік. Егер әлем өмір сүруін тоқтатса, онда әлем өмірінің тоқтағаны ақиқат болар еді. Ал ақиқаттың адам жанында өз мекені бар, сондықтан жан да ақиқат сияқты ажалсыз болуы керек.

Шоқынғаннан кейін Аугустин Италияда бір жарым жыл өмір сүрді. Ол осы кезеңде жанның мәңгі бақилығы туралы тағы бір қысқа трактат және философия тарихының бірінші томына енген «Ерік еркіндігі туралы» деген маңызды еңбек жазды. Аугустин 388 жылы Африкаға қайта оралып, туған қаласы Тагаста бірнеше жыл қарапайым азамат ретінде өмір сүрді. Ал 391 жылы діни мәртебе алып, мұратына жетті. Көп ұзамай Алжирдегі Гиппон қаласының епископтығына тағайындалып, 430 жылы қайтыс болғанға дейін осы қалада өмір сүрді.

Аугустин өз еңбектерінің басым көпшілігін өмірінің соңғы кезеңінде жазды. Оның қаламы қарымды болды. Бізге жеткен еңбектерінде 5 миллионнан аса сөз қолданылған. Шығармаларының көпшілігі уағыздардан, Інжілге жазылған түсіндірмелерден және теология мен шіркеулік тәртіп туралы қарама-қайшы пікірлерге байланысты трактаттардан тұрады. Ол христиан дінін қабылдаған соң философиялық шығармалар жазуды тоқтатқанымен, оның негізгі шығармаларының арасында аса құнды философиялық еңбектер де бар.

397 жылы Аугустин балалық шағынан бастап шоқынғанына дейінгі өмірін қамтитын «Тәубе» атты дұғаға толы Құдаймен сырласу еңбегін жазды. Бұл бізге үйреншікті қалыптағы өмірбаян емес. Оны Аугустин негізін салған ерекше жанрдың үлгісі деуге болады. Бұл еңбек – Аугустин өмірінің епископ болғанға дейінгі кезеңі туралы мағлұмат беретін негізгі дереккөз. Сонымен қатар ол көптеген философиялық ойларды қамтиды және уақыт туралы толыққанды монографиялық еңбекпен толықтырылған. Шұрайлы тілімен оқырманды өзіне баурап алатын бұл еңбек Аугустиннің ең әйгілі еңбегіне айналды.



400 жылдан 417 жылға дейін Аугустин «Үштік туралы» он бес кітаптан тұратын ғажайып туындысын жазды. Алғашқы кітаптары, негізінен, бір Құдайдың үш түрлі тұлғасы туралы шіркеулік және інжілдік мәтіндерді талдауға қатысты трактаттарды қамтиды. Ер мен әйелдің жүрегі мен ой-санасынан Киелі үштіктің үйлестігін іздеуге арналған Аугустиннің кейінгі жазған кітаптарындағы адам психологиясының нәзік бейнеленуі философтардың үлкен қызығушылығын туғызады.

Аугустин еңбектерінің ішінде үлкен ізденіспен жазылғаны және ең көлемдісі – «Құдай қаласы» еңбегі. Бұл трактат 413 жылдан 426 жылға дейінгі аралықта Рим империясы варварлық шапқыншылықтың қаупіне душар болған кезеңде жазылған. Бұл еңбектің классикалық және христиандық ойлау жүйесінің ең алғашқы ауқымды жинағы болғанын, оның атауынан-ақ аңғаруға болады. Христиандық Інжілде Құдай патшалығы туралы көп нәрсе айтылған. Алайда Грекия мен Рим үшін парадигмалық саяси институт патшалық емес, қала болды. Тіпті императорлар өздерін қаланың бетке ұстар азаматтары ретінде қабылдағанды құп көрді. Ал император-философ Маркус Аврелий Зевс қаласын басқа қалалардан артық сүю керек деп есептеді. Аугустин «Құдай қаласы» еңбегінде еврейлердің айқышқа керілген патшасы Исаны пұтқа табынушылар философиясының және гүлденген қала-мемлекеттің ең биік шыңына қойды.

Аугустин Аристотельдің «Метафизикасында» сипатталғандай философия тарихын Фалес заманынан бастайды. Осы жерде ерте заман философтарының қазір мәлім шындыққа қаншалықты жақындаса да жете алмағанын айтады. Алайда, Аристотель өзіне дейінгі ғалымдардың физикалық теорияларына қызықса, Аугустин олардың философиялық теологиясына, яғни өзі атағандай «натуртеологиясына» қызығушылық танытты. Ол осылайша «натуртеология» деген жаңа ұғымды қалыптастырды. Аугустин еңбек жолында христиандық ілімді алдыңғы қатарлы антика философиясымен қатар қойды. Әсіресе өзінің жақсы көретін философтары – неоплатоншыларды түгелімен христиандар деп есептеді.

Аугустин пұтқа табынушылардың өз құдайлары туралы аңыздарын түгелімен жалған екеніне сенбеді. Керісінше, олар адамның ырымшылдығын пайдаланған, өздеріне ғана сыйынуды қалаған залым жындар, ал ақиқаты – жалғыз Құдайға деген сенім. Кейбір жаңаплатоншылар саналы тіршілік иелерінің топтамасының үш сатысы, яғни құдайлар, адамдар және жын-шайтандар бар екенін айтты. Құдайлар көкте, адамдар жерде, ал жындар олардың ортасында, яғни ауада өмір сүреді. Жындар Құдай тәрізді ажалсыз бола тұра, адамдар сияқты құмарлыққа берілгіш. Жындардың пиғылы жаман. Алайда Сократпен таныс болған жын сияқты, олардың ішінде, жақсылары да бар еді. Жаңаплатоншылардың ойынша, мейірімді жындар құдайлар мен адамдар арасында делдалдар сияқты қызмет етті. Аугустин ауа жындарға толы деген пікірге сенді. Алайда олардың кейбіреулері жақсы, оған қоса олар Құдай мен адамдар арасында делдал болады дегенмен келіспеді. Қай жағынан алғанда да олар адамнан төмен. Аугустин Платонның шығармаларындағы жындарды, ағылшын оқырмандарының алғаш рет Милтонның «Жоғалған жұмақ» шығармасында кездестірген, азғындыққа ұшыраған періштелерге теңеді. Періштелердің де, адамдардың да жақсысы мен жаманы бар. Алайда, біз төрт қала бар деп ойламауымыз керек. Адамдар мен періштелер бір қоғамда өмір сүре алады.

Аугустин періштелер жаратылғаннан кейін, адамдар жаралмас бұрын, жануарлар жаратылды деп есептейді. Қасқырлар сияқты жеке-дара тіршілік ететін аңдарды да, бұғылар сияқты үйір-үйірімен өмір сүретін жануарларды да Құдай бір мезгілде бірнешеу етіп жаратқан. Алайда, Құдай адам нәсілін жалғыз Адам атадан ғана жаратқан. Адам атадан Хауа ана жаратылды және осы алғашқы жұптан барлық адамзат тараған. Адамның бірегей жаратылуы оның бейәлеуметтік жануар екенін білдірмейді. Адам баласы, басқаларға қарағанда, табиғатынан шүйіркелескіш, қоғамда өмір сүруге бейім. Сонымен қатар, жаман пиғылының болуы салдарынан басқаларға қарағанда жанжалға жақын.

Адамдар мылқау жануарлар мен періштелердің ортасынан орын алады. Олар ақыл-парасаты жағынан періштелерге ұқсайды, ал дене бітімі жануарларға ұқсас. Алайда Құдайдың әуелдегі жоспарына сәйкес адамдар ажалсыз болғандықтан, періштелермен туыстығы терең болуы керек еді. Олар өмірлерін Құдайға мойынсұнумен өткізсе, өлім межесінен өтпей-ақ, періштелермен бір қоғамда өмір сүрер еді. Адам атаның жұмақтағы күнәсінің салдарынан адамдар жануарлар тәрізді тәндік өлімге ұшырайтын ажалды пендеге айналды. Алғашқы күнәдан



кейін адамдардың барлығы дерлік өлім құрығынан құтыла алмайтын болды. Алайда кейбір адамдар өлгеннен кейін Құдайдың рақымшылығының арқасында ізгі ниетті періштелердің қоғамына қосылу марапатына ие болады. Ал кейбір адамдар зұлым періштелермен бірге болу қарғысына ұшырайды. Бұл өлім біріншісіне қарағанда әлдеқайда ауыр, – дейді Аугустин.

Платон «Тимей» еңбегінде ғарыштың пайда болуын сипаттағанда адамдарды әлемді жоғарғы күш иесі емес, оның орындаушылары қызметін атқаратын ұсақ құдайлар жаратқан деседі. Аугустин Құдайдың мұндай қызметшілерінің болғанын теріске шығармайды. Ол жай ғана Платон періштелерді «құдайлар» деп қате атаған деп ойлайды. Алайда ол орындаушыларды жаратушылар деп атауға үзілді-кесілді қарсы шықты. Жоқтан бар жасау тек Құдайдың айрықша құзыреті және періште Құдайға қандай қызмет көрсетсе де, майда-шүйде жан иелерін де жарата алмайды. Олар тек өнім өндіретін шаруа мен бағбаншы тәрізді болмақ.

«Өлім, яғни тән мен жанның ажырауы жақсы ма, әлде жаман ба?» деген сұрақтың жауабынан – Інжіл мен Платон көзқарастарының әртүрлі екенін көреміз. «Болмыс кітабында» өлімнің жамандық және күнәнің жазасы екені айтылған. Бейкүнә әлемде тән мен жан әрқашан бірге болады. Алайда платоншылар мен Платонның өзі жан тәннен айырылып, Құдайдың алдына келгенде ғана бақытты болатынын айтады. Сонымен қатар, Платон еңбектерінде жан өлімнен кейін оның алдыңғы өміріндегі күнәларының жазасы ретінде басқа тәнге (басқа адамдардың немесе жануарлардың тәніне) оралуға мәжбүр болуы мүмкін делінген. Әйткенмен «Көне өсиет» пен «Жаңа өсиетте» ізгі ниетті жандар өз тәндеріне оралады және жан мен тәннің осылайша қосылуы мәңгілік бақыттың қайнар көзі болады деседі. Аугустин тән қалауы мен құмарлық рухани дамуға кедергі жасауы мүмкін екенін теріске шығармайды. Ол бұл пікірді ерекше қолдайды, «Даналық кітабынан» – «Шіритін дене жанды ауырлатады» деген дәйексөзді келтіреді. Ал бұл сөз тек азған адамдардың жалған өміріндегі тәндері үшін айтылған. Жұмақта адам тәні елең еткізер сезім мен игеруі қиын құмарлықтардан ада болады. Адам ата мен Хауа ана ауру-сырқаусыз және үрей-қорқынышсыз өмір сүрген. Өйткені олардың денсаулықтары мықты болған және ешқашан қауіп-қатерге ұшырамаған. Олардың тәндері жарақаттанбаған және дүниеге сәби келтіре алмаған. Олардың өмірі құмарлықсыз болса да, махаббатқа толы болған. «Шынайы және сенімді серіктестікте болған бұл жұп, Құдайға деген және бір-біріне деген адал махаббатымен өмір сүрді. Сүйікті адамыңның әрқашан жаныңда болуы – үлкен бақыт».

Аугустин адамзат тарихын, өзінің екі қала туралы ойы бойынша, Адам ата мен Хауа ананың жаратылуынан бастап суреттеді. «Әлемде тілі, қаруы және киімі әрқилы, түрлі діни және этикалық жүйелерде өмір сүретін мықты мемлекет көп болғанына қарамастан, «Киелі кітапта» екі қала деп аталған екі негізгі адамзат қоғамы бар екені мәлім». Бір қала тән қалауымен, екіншісі жан қалауымен өмір сүреді. Олардың біреуі өзін-өзі сүюден, екіншісі Құдайға деген махаббаттан жаралған. Біреуі өз даңқын өзі шығарады, ал екіншісіне мадақ Құдайдан келген. Біреуіне ақырғы жаза ретінде Ібіліске кету бұйырылған, ал Ібіліс ақырында ол қаланы жояды. Екіншісіне мәңгі және әрқашан тек Құдайдың қалауымен патшалық құру бұйырылған. Екі қаланың арасы тұңғыш жұптың балаларының кезінен бастап ажырай бастады. «Қабыл – адамзат ата-анасының алғашқы ұлы. Ол адам қаласында өмір сүрді. Ал олардың кіші ұлы Әбіл Құдай қаласының тұрғыны болды». Екі қала арасындағы жауласу Қабылдың Әбілді өлтіруінен басталды. Өз бауырын өлтіру әрекетін Әбілден кейін Римді тұрғызған Ромул қайталады. Ол өзінің інісі Ремді өлтірді.

Аугустин інжілдік және зайырлы жылнаманы бітістіруге тырысады. Аугустиннің таңғаларлық жылнаманы жазуының бір себебі, еврейлік пайғамбарлар ілімінің грек философтарының зерттеулерінен бұрын пайда болғанын дәлелдеу еді. Аугустиннің әңгімелерінде Иерусалим Құдай қаласының нышаны болса, Бабыл әлем қаласының нышаны ретінде суреттелді. Құдай Бабыл мұнарасының құрылысын күйрету үшін адамзат тілінің бастапқыдағы бірлігін бұзды. Осылайша, Бабыл түсінбестіктің қаласына айналды. Әлем қаласында философтар Бабыл мұнарасының құрылысшылары сияқты әртүрлі тілдерде сөйледі. Кейбіреулер бір ғана әлем бар десе, кейбіреулер әлем көп екенін айтты. Кейбіреулер бұл әлем мәңгілік десе, енді біреулері оның соңы бар деді. Кейбіреулер әлемді Құдай бақылайды десе, басқалары бұл тағдыр тәлкегі деді. Кейбіреулер жан мәңгілік десе, басқалары ол тәнмен бірге өледі деді. Кейбіреулер ең жоғары игілік жанда десе, басқалары тәнде десе, тағы біреулері сыртқы заттарда деді. Біреулері сезімдерге сенім білдіру керек десе, басқалары оған жек көрушілікпен қарау керек дейді.



Зайырлы қалада осындай қарама-қайшы көзқарастардың дұрыс-бұрысын таразылайтын билік болған жоқ. Бабыл тұрғындарының көзқарастары әртүрлі болды. Ол ешкімнің құқығын таптамады және соттың шешімінсіз-ақ барлығына тең қарады. «Киелі кітаптың» қағидаларымен өмір сүріп, барлығын мойындатқан Құдай қаласындағы жағдай ерекше!

Философтардың арасындағы көп талқыланатын тақырыптардың бірі – ең жоғары жақсылық пен ең жоғары зұлымдық тақырыбы. Адамның өмірдегі мақсатын анықтауға талпынысын философтар ең жоғары жақсылық, кейбіреулер мұны ләззат алу дейді. Ал енді біреулер оны ізгілікке теңейді. Үшіншілер – сабырлық, ал басқалары мұны табиғаттың бізге берген басты игіліктерінен рақат алу деп есептеді. Көбісі жоғарыда айтылған көзқарастардың әртүрлі жиынтықтарын ең жоғары жақсылық деп түсіндірді. Бірақ Құдай қаласының тұрғындары мәңгі өмірді ең жоғары жақсылық, ал мәңгі өлімді ең жоғары зұлымдық деп білді. Сенім мен мейірбандық арқылы ғана ең жоғары жақсылыққа жетуге және ең жоғары зұлымдықтан құтылуға болатын еді.

Аугустиннің екі қаланы сипаттауына қарап Бабылды тек пұтқа табынушы империяға, ал Иерусалимді тек христиан империясына теңеп қоюға болмайтыны анық. Исаның дүниеге келуінен және Рим императоры Константиннің христиандықты қабылдауынан бұрын Құдай қаласы қауым ретінде қалыптасқан еді. Аугустин Христиан империясында күнәһарлар да, әулиелер де болғанын көрсету үшін император Феодосияны мысалға келтірді. Фессалоникте көтерілісті басқан қатігездігі үшін Әулие Амвросий оны тәубеге келуге мәжбүрледі. Жердегі шіркеуді Құдай қаласымен теңестіруге болмайды. Алайда кейіннен Аугустиннің кітабы кейде шіркеу мен мемлекеттің арасындағы ара қатынастарды суреттейтін нұсқаулық ретінде де қолданылды. Әрине, екі қала табиғатының құрылымына терең бойламайынша, оларды бастан-аяқ түсіну мүмкін емес. Ал бұл мәліметті Аугустиннің «Құдай қаласы» еңбегінің соңғы үш кітабынан таба аламыз.

Аугустиннің айтуынша, қиямет күні жеті түрлі іс болады. Біріншіден, Илияс пайғамбар еврей халқын христиандарға айналдырады. Екіншіден, Ібіліс бостандыққа жіберіледі және Антихрист өздерінің қызметшілері ретінде Гог пен Магог халықтарын пайдаланып, үш жарым жыл бойы Құдайға иман келтіргендердің соңына түседі. Гог пен Магог халықтары өз шабуылдарынан соң, өртеніп кеткенге дейін әулиелер қайғы-қасірет шегетін болады. Үшіншіден, Иса тірілер мен өлілерді тергеу үшін жерге оралады. Төртіншіден, сот өткізу үшін өлілердің жандары тұрған жерлерінен қайта оралып, уақытша өз тәндерімен қауышады. Бесіншіден, сот рақымды жандарды күнәһарлардан айырады. Әулиелерге мәңгі бақилық рақат, күнәһарларға мәңгілік азап тарту үкімі беріледі. Алтыншыдан, қазіргі әлем ғарыштық өртке оранып құриды, сонан соң жаңа Жер мен жаңа Аспан пайда болады. Жетіншіден, рақымға бөленгендер мен қарғысқа ұшырағандар жұмақта да, тозақта да өздеріне лайық мәңгілік мекенге жіберіледі.

Аугустин бұл болжамдарды қабылдау оңайға соқпайтынын білді, және бәрінен де күрделісі – зұлымдық мәңгі тәндік азап шегеді деген идея. Философтар жанның өлмейтініне сенсе де, жан қашан да тәннен артық азап шегеді деп есептейді. Аугустин табиғат әлеміндегі көптеген ғажайыптарды, мысалы әктің, гауһардың, магниттің қасиеттерін тілге тиек ету арқылы Жаратушы Құдайдың адам тәнін мәңгі-бақи төзгісіз, ауыр азапта ұстайтынының ұзақ дәлелін келтіреді.

Адамдардың көпшілігі мәңгілік азаптан құтылу үшін адамгершілікке бет бұрудың орнына, басқа іс-әрекеттерге көбірек назар аударады. Адам өзінің қысқа өміріндегі қылмысы үшін неге мәңгілік жазаға тартылады? Аугустин адамзаттық заңда да қылмыс пен жазаның арасында уақыт тепе-теңдігі жоқ екенін айтты. Адам бір сәттік зинақорлығы үшін бірнеше сағаттық ұрып-соғу жазасына тартылуы мүмкін. Ал құл өз иесін бір ауыз балағаттағаны үшін жылдар бойы түрмеде отыруы мүмкін. Тозақтың азабы түбі аяқталады дегенге сену жанашырлықтан туған жалған сезім ғана. Егер сіз бұл ойдың жетегінде жүретін болсаңыз, онда күнәһар Ориген сияқты күндердің күнінде Әзәзіл де дінге сенеді дегенге иланып қалуыңыз әбден мүмкін!

Аугустиннің «Құдай қаласы» еңбегінің философия тарихында елеулі орын алуының екі себебі бар. Біріншіден, Аугустин Інжілді Платон мен Цицеронның көзқарастарымен үйлестіруге тырысты. Егер ол қолынан келмесе, философиядағы христиандыққа қарсы дәйектерді теріп алып, оларды жоққа шығаруды өзінің міндеті деп санады. Екіншіден, Аугустиннің Інжілге



және философияның классикалық элементтеріне негізделген еңбектері Қайта өрлеу мен Реформацияға дейінгі және одан кейінгі латын тілді әлемнің философиялық пікірталастарына негіз болды.

Бұрын-соңды философиялық еңбек жазғандардың арасында Аугустиннің алатын орны ерекше. Оның талдаушылық қабілеті жоғары болды. Тілі жанды, айтқан ойлары ширақ және өте пәрменді еді. Кейінгі орта ғасыр философтарынан ерекшелігі – негізгі философиялық түйіндерін анық сипаттау үшін бар күшін салуында. Ал оның келтірген мысалдары ешқашан көнермейді және өз маңыздылығын жоғалтпайды. Философиялық еңбектерін жазу барысында шынайы өмірден алынған әзіл әңгімелерді, эпиграммалар мен парадокстарды пайдаланды және қарапайым тілдік құралдардың астарынан терең философиялық мәселелерді таба білді. Алайда ол философияның шыңына шыға алған жоқ, себебі риторикаға көбірек көңіл бөлді. Өмірінің соңына дейін логикалық талдау мен қарапайым лингвистикалық айналымдар арасындағы айырмашылықты біле алмады. Бірақ, епископ болғаннан бастап, оның мақсаты таза философиямен шектеліп қалмады, Исаның Евангелиесін таратуда риториканы да, логиканы да пайдалана білді.

Сонымен, біз «Орта ғасыр философиясы» еңбегінде баяндалған Аурелий Аугустиннің философиялық және теологиялық көзқарастарын қарастырдық. Келесі дәрісте біз Боэций ілімін, кейінгі Антика және Каролинг империясының философиясын қарастырамыз.

Тақырыпты бекітуге арналған сұрақтар

1. Аугустин өмірінің қай кезеңі философиялық тұрғыдан ең жемісті болды?
2. Аугустиннің «Тәубе» еңбегінде қандай мәселелер қозғалған?
3. Аугустиннің «Үштік туралы» шығармасының басты идеясы неде?
4. Көне мифологиядағы пұттық құдайларды Аугустин қалай сипаттайды?
5. Құдай қаласы мен жер қаласы арасындағы айырмашылықтар?
6. Қандай себептерге байланысты «Құдай қаласы» философия тарихындағы айтулы орынға лайық?

Әдебиет

1. Anthony Kenny. Medieval Philosophy: A New History of Western Philosophy, Volume 2. – Oxford University Press. – 2014. – 352 p.
2. Кенни Э. Батыс философиясының жаңа тарихы, 2 том, Орта ғасыр философиясы. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018. – 400 б.
3. Аврелий Августин. Исповедь. – М., 2006.
4. Аврелий Августин. О троице. – М., 2017.
5. Аврелий Августин. О граде божьем. – М., 2000.
6. Хесс Р. Философияның таңдаулы 25 кітабы. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018. – 360 б.